

Г. Нурланқызы 

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.,  
e-mail: shahnazsanzhar@gmail.com

## ХІХ ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚАЛА ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕРІ

Мақалада Ақтөбе бекінісінің негізі қаланған күннен бастап халқының құрамы өзгерістерге ұшыраған кезеңдері ашылып көрсетіледі. Бастапқы кезеңде Ақтөбе қаласы бекініс, кейін уезд, облыс статустарына қалай жеткені негізге алына отырып, мақалада автор Ақтөбе өңіріне қатысты тарихи демографиялық көрсеткіштері бар мәліметтер мен статистикалық құжаттарға және мұрағат қорлары, мерзімді басылымдар беттеріне, ғылыми зерттеулерге сүйеніп деректер келтіріліп анализдер жасады. Ақтөбе қаласының демографиялық көрсеткіші статистикалық мәліметтер бойынша халқының санының өсуімен және халық құрылымының байланыстарын көрсетеді. ХІХ ғасырдың аяғында Ақтөбе қаласында орын алған өзгерістер бүкілресейлік санақ жүйесімен жүргізіліп, Ақтөбе аймағындағы қоныстанушылар мен жергілікті тұрғындардың демографиялық көрсеткіштерін айқындаған болатын.

Ақтөбе қаласы ХХ ғасырдың басында бірнеше этникалық топтардың қалыптасуымен полиэтникалық қала негізінде бой көтере бастады. Қалада әртүрлі инфраструктуралар пайда болып, демографиялық өзгерістер орын алды. Сонымен қатар, автор жоғарыда айтылған қалада шоғырланған халықтардың механикалық және табиғи өсім динамикасына назар аударады. Автор пайдаланған әдебиеттерде жинақталған статистикалық жұмыстары қаладағы әртүрлі салада жұмыс атқарған халықтар туралы мәліметтер беріп, қаланың әртүрлі даму аспектілерін, қаланың өзгерістеріне анализ жасап көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Ақтөбе, демография, этникалық топтар, полиэтникалық қала, әскери бекініс.

G. Nurlankyzy

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Kazakhstan, Aktobe,  
e-mail: shahnazsanzhar@gmail.com

### The influence of the ethnic composition and demographic changes of the city of Aktobe in the late XIX – early XX century on the formation of a polyethnic city

The article reveals the periods since the founding of the Aktobe fortress, when the composition of its population has undergone changes. Based on how, at the initial stage, the city of Aktobe achieved the status of a fortress, and then a county, a region, in the article the author analyzed data and statistical documents with historical demographic indicators for the Aktobe region, as well as archival funds, pages of periodicals, scientific research. At the end of the XIX century, the All-Russian census system was carried out, which determined the demographic indicators of settlers and the local population of the Aktobe region.

The city of Aktobe began to be built at the beginning of the twentieth century on the basis of a polyethnic city with the formation of several ethnic groups. A diverse infrastructure has appeared in the city, demographic changes have occurred. In addition, the author draws attention to the dynamics of mechanical and natural population growth concentrated in the city. Statistical works collected by the author in the used literature provide information about the peoples of the city who worked in different fields, analyze various aspects of the development and changes of the city.

**Key words:** Aktobe, demography, ethnic groups, polyethnic city, military fortress.

Г. Нурланқызы

Актюбинский Региональный Университет им. К.Жубанова, Казахстан, г. Актөбе,  
e-mail: shahnazsanzhar@gmail.com

### Влияние этнического состава и демографических изменений города Актөбе в конце ХІХ – начале ХХ века на формирование полиэтнического города

В статье раскрываются о периодах со дня основания Актюбинской крепости, когда состав ее населения претерпел изменения. Исходя из того, как на начальном этапе город Актөбе достиг

статуса крепости, а затем уезда, области, в статье автором были проанализированы данные и статистические документы с историческими демографическими показателями по Актюбинскому региону, а также архивные фонды, страницы периодических изданий, научные исследования. Демографический показатель города Актобе показывает взаимосвязь между приростом населения и структурой населения по статистическим данным. В конце XIX века была проведена Всероссийская переписная система, которая определила демографические показатели поселенцев и местного населения Актюбинской области.

Город Актобе начал строиться в начале XX века на основе полиэтничного города с формированием нескольких этнических групп. В городе появилась разнообразная инфраструктура, произошли демографические изменения. Кроме того, автор обращает внимание на динамику механического и естественного прироста населения, сосредоточенного в вышеупомянутом городе. Статистические работы, собранные автором в использованной литературе, дают сведения о народах города, работавших в разных сферах, анализируют различные аспекты развития и изменения города.

**Ключевые слова:** Актобе, демография, этнические группы, полиэтничный город, военная крепость.

## Кіріспе

Әр елдің этникалық құрылымы, демографиялық өзгерістері сол елдің халқының санымен оның жыл сайынғы өзгерісі, жас пен жынысына байланысты бөлінуі, қала мен ауыл тұрғындарының шоғырлануымен, еңбекке жарамды, ұлттық құрамы секілді т.с.с. статистикалық мәліметтерімен зерттеледі. Сол секілді Актобе қаласының этникалық мәселелері бекініс болып қаланған күннен бастап, Патша үкіметінің жүргізген үкімі бойынша шоғырланған топтармен ерекшеленеді. Актобе бекінісі 1869 жылы негізі қаланып, алғашқы кезеңде әскери бекініс шаруалар мен әскери топтардың шоғырлануымен пайда болды. Алғашқы орыс шаруалары қоныс аударып, бекініс қаланған тұста жаңа халық құрамдары кездесе бастады.

Актобе қаласының демографиялық көрсеткіші статистикалық мәліметтер бойынша халқының санының өсуімен және халық құрылымының байланыстарын көрсетеді. Қала тарихында XIX ғасыр аяғы мен XX ғасырдың басында қоныс аудару бастаған бірнеше этникалық топтардың құрылымы Актобе қаласын полиэтникалық тұрғыда қалыптасуына әкелді. Міне, осылайша Актобе қаласында шоғырланған бірнеше этникалық топтар қаланың демографиялық өсіміне өз әсерін тигізді.

Мақаланың мақсаты XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Актобе қала халқының құрамындағы өзгерістерді, демографиялық өсім мен кему ерекшеліктерін, сонымен қатар қаланың қалыптасу тарихын полиэтникалық тұрғыда қарастырып зерттеу болып табылады.

## Материалдар және әдістер

Мақала жазу барысында Актобе облыстық орталық мұрағат қоры пайдаланылды. Актобе тарихына қатысты статистикалық мәліметтер жинақтары мен мұрағат қорындағы Актобе вестнигі шаруашылық мерзімді басылымдары басты назарда болды. Актобе облысының статистика департаментінің цифрлік есеп құжаттары, ғылыми зерттеулердің демографиялық есептері бойынша кестелері деректік база ретінде пайдаланылды. Кітапхана қорынан алынған материалдар, кітап қоры және әр жылдардан шығарылған Актобе өңіріндегі мерзімді басылымдар пайдаланылды.

Зерттелініп отырған мәселе тарихилық, жүйелілік және салыстырмалы талдау қағидаттары негізінде жазылды. Сондай-ақ салыстырмалы аналитикалық, экономикалық статистикалық, сызбалы талдау, хронологиялық зерттеулерді топтастыру, жүйелеу әдістері пайдаланылды.

## Талдаулар

Қазақ тарихындағы орын алған қоныстандыру, отарлау секілді шаралар қазақ халқының қалыптасуына оң және теріс көзқарастарын әкелді десекте болады. Актобе тарихындағы алғашқы этникалық өзгерістер сонау патша үкіметінен бастау алды. Бұл туралы негіз бола алатын, Актобе облыстық орталық мұрағатының қорлары. Актобе қаласына қатысты жазылған бірнеше ауқымды жұмыстар бар. Бұл қаланың тарихи демографиялық тұрғыда қарауға мүмкіндік береді (Торғай облысына шолу 1897).

XX ғасырдың басында орын алған ірі оқиғалар біраз зерттеушілердің назарына іліне бастады. Этникалық топтар, қазақ этникалық тобына қатыстылығы жайлы белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы Г.М. Мендикулова «Қазақ диаспораларының тарихи тағдыры. Шығу тегі мен дамуы» атты монографиясында өз көзқарасын білдірген. Бұл еңбекте жалпы қазақ елінің демографиялық өзгерістері, соның Ақтөбе өңіріне қатысты деректер легі де кездеседі (Мендикулова 1997). Сонымен қатар, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы революцияға дейінгі Қазақстан жеріндегі миграциялық процесстер туралы И.В. Ерофееваның еңбегінен қарауға болады. Бұл еңбекте қазақтар мен қоныстанушылардың хал ахуалы және мәдениеттері туралы ақпарат береді (Ерофеева 2001).

XX ғасырдағы Ақтөбе қаласының негізі сонау патшалық Ресейдің жоспарланған шараларымен қаланғаны белгілі еді. Сол кезден бастап біршама зерттеушілердің еңбектерінен Ақтөбе қаласына қатысты кездестіреміз. Мәселен, Тәжібаевтың еңбегінен Ақтөбенің бекініс кезінен бастап облыс орталығына айналғанға дейінгі тарихын атап өткен жөн. Ақтөбенің барлық тарихи кезеңі нақты айтылған. Онда алғашқы қоныс аударушылар легін де көре аламыз. Дәл сол секілді, т.ғ.д. Г.С. Сұлтанғалиеваның еңбектерінен де Ақтөбенің уезд кезеңіндегі тарихын аңғарамыз. Уезд кезіндегі Ақтөбедегі шаруашылық, сауда, оқу бөліктері қалай ұйымдастырылғанын, уездегі тұрғындар жағдайы туралы нақты мәліметтер аламыз (Сұлтанғалиева 2005: 14-15).

Сонымен қатар, Сұлтанғалиева Г.С., Ерофеева И.В., Бисембаев А.А., Медеубаев Е.И., Кобенова Г.И. секілді, белгілі авторлық ұжыммен жазылған «Ақтөбе облысының тарихы» атты іргелі еңбектен Ақтөбе қаласының этникалық құрамы мен демографиялық өзгерістері жайлы деректерді көре аламыз. Бұл еңбекте қала тарихындағы біраз өзгерістер легі айтылған. Бұл іргелі еңбекте Ақтөбе қаласында орын алған ежелгі кезеңнен қазіргі заманға дейінгі тарихы баяндалған (Сұлтанғалиева, Ерофеева, Бисембаев, Медеубаев, Кобенова 2006). Сондай-ақ, қала тарихының демографиялық өзгерістері туралы «Батыс Қазақстан территориясындағы және жақын шетелдердегі этнодемографиялық процестер» атты кітаптан кең көлемде ақпараттар ала аламыз (Сдықов М.Н., Аман Ә.Б., Мәден А.Т., Шерғалиев М.Т. (2008). Бұл ұжымдық еңбекте Батыс Қазақстан территориясының

этнодемографиялық өзгерістері кең көлемде талданылған. Ақтөбе қаласының халық санының тарихи динамикасына, даму мәселелеріне ерекше назар аударылған. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.) атты еңбегінен уезд кезіндегі Ақтөбе өңіріне қатысты мәліметтер алуға болады. Ондағы уездге келген қоныстанушылар мен қонысаударушылар туралы кездестіреміз.

Ақтөбе қала халқының құрамы мен олардың қалыптасу кезеңдері туралы құнды материалдар мерзімді баспасөз беттерінде және интернет ресурстарында, облыс пен қала жылдарына арналған статистикалық жинақтарда қамтылған (Ақтөбе облысының демографиялық жылнамалығы 2010а, 2012б).

Ақтөбе қаласының этникалық құрамы мен демографиялық өзгерістері Ақтөбе полиэтникалық қаласы болып қалыптасуына әсері атты тақырыбымыздың белгілі тарихнамалық аспектілері кейбір авторлардың еңбектерінде қамтылғанымен, жалпы, зерттеушілердің еңбектерінде қарастырып отырған тақырыптың кейбір қырлары ғана қарастырылған. Автордың ойынша, бұған дейін қала статусын полиэтникалық тұрғыда зерттеу әлі күнге дейін зерттелмеген. Бірақ оған қарамастан, Ақтөбе қаласының полиэтникалық қаласы болуына әсер еткен қала халқының өмір сүрген аймағын, тұрмысын зерделеу, демографиялық динамикасын кешенді түрде зерттеу тақырыптың маңыздылығын ашуға көмек береді. Мәселен, Ақтөбе қаласының сонау бекініс қаланған тұсынан бастап демографиялық ахуалын, халықтың тұрмыс тіршілігін зерделеу үшін Патша үкіметі тарапынан енгізілген алғашқы халық санағы болатын (Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 года).

Бұл санақ арқылы Торғай облысы, Ақтөбе уезіндегі әлеуметтік және экономикалық мәселелер де қаралды.

XIX ғасырдың аяғында Торғай облысына қоныстанушылардың саны арта түсті. Басқа қала, уездерге қарағанда Ақтөбе бекінісі халқының саны салыстырмалы түрде жоғарғы деңгейде өсті. Яғни, 1881-1894 жылдары бес еселік өсім орын алған. Сол уақыттағы Елек уезінің басшысы (1891 жылдан Ақтөбе уезі) 1886 жылы 21-шілдедегі Торғай облысының әскери губернаторына жазған мәлімдемесінде қоныстанушылардың көптеп ағылуына байланысты Ақтөбеге қарасты жерлердің картасын

түсіруді, оның болашақ қала ретіндегі маңызын ескере отырып, елді мекеннің жаңа жоспарын жасақтауды сұрайды. Ескі жоспармен қоныстанушыларға жер үлестерін беру мүмкін еместігін, ол жерлердің су алатындығын, тұруға жарамсыз жерлер екендігін айтады (Сдықов, Аман, Мәден, Шерғалиев 2008: 139).

XIX ғасырдың аяғында Ақтөбе қаласының халқы қарқынды өсіп келе жатқан елді мекенге айналды. Бұған бір жағынан қаланың табиғи географиялық жағынан шаруашылыққа қолайлы болуы да ықпал етті. Соған байланысты, қоныстанушылар саны арта бастады. Оған төменде келтірілген кестелердегі деректер дәлел бола алады. Әскери губернаторлардың берген мәліметтері бойынша, Орынбор қаласы арқылы Ақтөбеге 44 адамнан тұратын 7 отбасы қоныстанған. XIX ғасырдың аяғында Самара, Саратов, Воронеж, Астрахань губернияларынан Ақтөбеге 20-ға жуық «ходоктар» жіберілген. Ақтөбе жері егіншілікке ыңғайлы жер болғандықтан «арнайы келген ходоктар», яғни қоныстанушылар қоныс аударатын жерді алдын ала қарауға жіберілген өкілдері болып табылатын (Мустафаев, 2006).

Сонымен, Торғай облыстарына жаппай қоныстандыру процесі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында басталды. Салыстырмалы түрде қарағанда, Ақтөбе жеріне қоныстандыру белсенді жүргізілді. Бұған бірден бір себеп алғашқы санақ жүйесінен кейін, қоныстанушыларға ресми түрде ашық деп жариялануы ықпал етті. Бұл деректі М.Н. Сдықовтың еңбегінен талдауға болады (Сдықов, 1996). Сол уақыттан бастап аймақта механикалық өсім басым болды. Қазақ жеріне жергілікті ұлттан бөлек қоныстанған басқа ұлт өкілдері де қарқынды өсе бастады. Н.Е. Бекмахановтың еңбегіне сүйенетін болсақ, алғашқы Патша үкіметінің жүргізген санақ жүйесіндегі ұлт өкілдерінің тарихын кездестіруге болады. Қазақ және қырғыз жерлеріне жаппай қоныстана бастаған өзге ұлттар мен келімсектер туралы деректер аламыз (Бекмаханов, 1986).

1897 жылы жүргізілген Бүкілресейлік бірінші халық санағының қорытындылары Ақтөбе қаласына сыртқы және ішкі көші қонның ықпал ету деңгейін көрсетеді. Аймақтағы көші қонның үрдістерін және оның қала халқының санына әсерін төмендегі келтірілген кестелерден байқауға болады.

### Зерттеу нәтижелері.

Қарастырып отырған ғылыми мақала Ақтөбе өңірін этнографиялық зерттеу болып табылады. XIX-XX ғасырларға тән Ақтөбе қаласының халқының өткен тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін зерттеуде мұрағат, мұражай, кітапханаларында жинақталған құндылықтары маңызды орын алады.

XIX ғасырдағы үлкен бетбұрыс Ақтөбе қаласы үшін, оның ішінде қала халқының қалыптасуы үшін патша үкіметінің жүргізген ірі саяси шараларымен тығыз байланысты болды. XIX ғасырдың аяғында қазақ жерлерін әскери отарлауды аяқтаған патша үкіметі, өз экономикасын нығайту мақсатында жаңа жерлерді игера бастады. Сөйтіп, жаңа жерлерге арналған реформалар, қоныстандыру саясаты, отарлау секілді шаралар қолданды. Осындай жағдайлар әсерінен қала тарихында өзгерістер орын алды.

Ақтөбе әскери бекініс ретінде 1869 жылы қаланды. Сол жылы мамырдың 14-і күні Ақтөбе шатқалына полковник Ю.Борх бастаған әскери отряд келіп, 5 күннен соң артиллериядан бірнеше дүркін оқ атып, Торғай облысының әскери губернаторы Л.Баллюзектің рұқсатымен бекіністің негізі қаланғанын жариялады. Бұл тарихи оқиға туралы Петербургтен шығатын «Биржевые новости» газеті жазған. Бекіністің салынуы 1867-1868 жылдардағы қабылданған Уақытша Ережелерге қарсы Торғай даласындағы наразылықтарды басу үшін қажет болды (Урдабаева 2001).

Бекініс құрылысына Елек өзенінің сол жағалауындағы Орынбор-Қазалы керуен жолына жақын биіктеу төбе жер белгіленді.

1878 жылы Ақтөбеге алғашқы қоныс аударушылар — орыс шаруалары келген кезден бастап әскери бекініс сипатын жоғалтып, қалалық қонысқа айнала бастады. 1878 жылы көктемде Ақтөбеге шаруалар И.Мошенский, Я.Каюдин, т.б. көптеген отбасылар қоныстанады. Күзде солтүстік төбенің солтүстік-батыс жағынан, болашақ қаланың тұңғыш көшесінің негізін салған 9 үйден тұратын Александровск көшесі (қазіргі Шернияз ақын көшесі) пайда болды. 1878-1879 жылдары Ақтөбе бекініс пунктіне Воронеж, Курск, Харьков, Тамбов губернияларынан қоныс аударушылар саны 133 отбасыға жетті. Әскери қызметтерін өтегеннен соң Ақтөбеге тұрақты қоныстанған әскерилер

оңтүстік төбенің шығысынан Крепостной (қазіргі Типография) және Гарнизон көшелерінің негізін салды. 1885 жылы Ақтөбе қаласында 177 үй болған. 1897 жылғы санақ бойынша тұрғындар саны 28 400 адамға жетті. Ал 1906 жылы Ақтөбе уезіне 907 отбасы, 1907 жылы 1 248 отбасы көшіп келген (Ақтөбе: Энциклопедия. 2004).

Әскери бекініс 1891 жылы уездік қала мәртебесін алды. Сонымен қатар, Торғай облысының құрамына уезд ретінде кірді. 1897 жылғы санақ бойынша уезде 115,2 мың адам тұрды. Соның ішінде қазақтар – 95,1%; орыстар – 2,8%. Ақтөбе қаласында 2817 адам тұрды (Султанғалиева 2005).

Ақтөбе қаласының тағы бір өзгеріске келуі Орынбор-Ташкент темір жол торабының іске қосылуы болатын. Осы тұста темір жол торабының іске қосылуы өлкемізде экономиканың, өнеркәсіптің жандануына серпін беріп, темір жолға қатысты жұмыс орындарының ашылуына ықпал еткендігін көруге болады. Темір жол бойында ашылған осындай жұмыс орындарында орталық аудандардан кәсіпорын жұмысшылары келіп орналасты (Бекмаханова 1986).

Бұл үрдісті Ресейдің өзінде «ұсақ өндірушілер мен қолөнер өндірісінің ыдырауынан, ұсақ өндірушілердің «күйреуінен», фабрика зауыт-

тық өнеркәсіптің өсуімен қатар жүрген жерсіздік және алым салықтың ауырлығынан шаруалардың қалаларға кетуге мәжбүр болуы» жеделдетті.

Аталмыш кезеңдегі қоныстандыру қозғалысының нәтижесінде Орынбор-Ташкент темір жол бойындағы станциялардың «Ақтөбе» секілді негізінде елді мекендер құрыла бастады. Осы тұрғыда, 1912 жылға тиісілі Торғай облыстық басқармасы жанындағы Ведомствоаралық кеңестің журналында Торғай облысында Ташкент темір жолының жүргізілуімен бірқатар станциялар жанында өз бетінше сауда өнеркәсіптік пункт сипатындағы поселкелердің қалыптасқандығы айтылады (Тәжібаев 1999).

Мысалы, ең ірі темір жол деполарының бірі орналасқан Шалқар станциясының жанында өз бетінше елді мекен пайда болып, темір жол қызметкерлерін есептемегенде, 1908 жылы 2000 нан астам тұрғындары болған. Тұрғындардың басым бөлігі сауда өкілдері болған (көбіне татар ұлттары) (Тарасенко 2006). Сөйтіп, Шалқар станциясы негізі 1902-1903 жылдары ұйымдаспаған түрде қаланды десек те болады. Ал оның сол кездегі халқының сословиелік құрамын төмендегі кестеден көруге болады (Сдыков 2004).

**1-кесте** – Шалқар станциясының алғашқы кезеңдегі сословиелік құрамы. (XX ғ. басындағы мәлімет бойынша)

| Сословиелер           | Өкілдерінің саны |
|-----------------------|------------------|
| Дворяндар             | 56               |
| Мещандар мен көпестер | 479              |
| Түрлі шенділер        | 53               |
| Шаруалар              | 1555             |
| Оның ішінде қазақтар  | 134              |
| Барлығы               | 2247             |

XX ғасырдың басында қала халқының саны баяу өсіп отырды. Қала халқының өсуі қала экономикасының дамуына да байланысты болды. Бұл кезеңдер бірінші

дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы көтеріліске қатысты оқиғалармен тежелсе де, жалпы өсім жалғасты. Оны төмендегі кестеден байқауға болады.

**2-кесте** – Қала халқы санының динамикасы

| Облыс пен қала | Халық саны |         |         |
|----------------|------------|---------|---------|
|                | 1906 ж.    | 1914 ж. | 1917 ж. |
| Торғай облысы  | 30468      | 40032   | 47691   |
| Ақтөбе         | 6801       | 15259   | 17737   |

Кестеден аймақтағы қала халқының XX ғасырдың басынан күрт өскендігін байқауға болады. Бұл өзгерістерді бірнеше бөлікке бөліп қарауға болады. Біріншіден, қоныстандыру және көші қон үрдістері қала халқының қалыптасуына ықпалы жалпы Қазақстанға тән құбылыс негізінде жүрді. Екіншіден, қоныстандыру процесі қалалардағы халық санының өсуіне шешуші ықпал етті. Үшіншіден, қала халқының өзгеріске ұшырап, өсуіне механикалық өсім себеп болды. Төртіншіден, Ақтөбе қаласының қала халқының ұлттық құрамы өлкемізге қоныстанушы ұлт өкілдерінен құралды. Қазақтардың қала халқындағы сандық үлесі өте аз мөлшерде болды (М.Н. Сдықов, Ә.Б. Аман, А.Т. Мәден, М.Т. Шерғалиев).

Жалпы, қазақтардың қаладағы нақты санын, тұтас алғанда XIX ғасырдың аяғындағы және XX ғасырдың басындағы қала халқының этнодемографиялық бейнесін, оның даму бағытын 1897 жылғы халық санағынан айқындауға болады. Мәселен, бүкілхалықтық халық санағы кезінде Ақтөбе қаласында ерлер – 1514, әйелдер – 1303 құраса керек. Барлығы – 2817 (Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 года).

Ресей империясының бірінші халық санағы 1897 жылы 9-ақпанда жүргізілді. Бүкілхалықтық санақ империяның барлық ұлт аймақтарын, оның ішінде Қазақстанды да қамтыды. Бүкілхалықтық

санақ Қазақстан үшін маңызы, Ресей үкіметінің тарапынан бірыңғай әдіспен алғаш рет халқы жөнінде барынша жан жақты мәлімет алуға мүмкіндік туды. Ақтөбе қаласы бастапқы уақытта әскери бекіністер ретінде пайда болып, әртүрлі экономикалық деңгейде дамыды.

Санақ қорытындысы бойынша Ақтөбеде қала халқының арасында әйел адамдарға қарағанда ер адамдар үлесінің басымдығын көрсек болады. Берілген мәліметтер бойынша, қазақтардың үлесі тым аз, осы кезеңнің өзінде 96 жергілікті ұлт өкілдері болса, Елек қаласында небәрі 35 қазақ есепке алынған.

Қала есебіне бұл уақытта қазақтар қалаларға тек күнкөрістерін жұмысшы күші ретінде жалдану арқылы қамтамасыз етуді ойлап келген қазақтар қоныстанды.

Жалпы, «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан қалаларының халқы қазақтардың кедей бөлігі жатақтардың есебінен толықты» осындай факторлар нәтижесінде қалалардағы қазақтардың жыныстық құрамында теңсіздіктер қалыптасты (Бекмаханов 1957: 98).

Санақтың есебінен қалада халқының негізгі бөлігін православиелік діни бағытты ұстанатындар құрады десек те болады. Сонымен қатар, Ақтөбедегі алғашқы кезеңдегі қоныстанушыларды сословиелер бойынша жинақтап көрсетуге болады.

### 3-кесте – Ақтөбе халқының сословиелер бойынша құрамы (санақ кезіндегі)

| Сословиелер     |             |                    |          |          |          |          |             |             |
|-----------------|-------------|--------------------|----------|----------|----------|----------|-------------|-------------|
| Дворяндар       | Дін-басылар | Құрметті азаматтар | Көпестер | Мещандар | Шаруалар | Қазақтар | Бұратаналар | Қалған-дары |
| 43              | 19          | -                  | 6        | 1865     | 747      | 11       | 100         | 26          |
| <b>Барлығы:</b> |             |                    |          |          |          |          |             | 2817        |

Ақтөбеде қала халқында мещандар саны көп болды. Қаладағы қазақтар әскери қызметпен қатар, сауда сияқты басқа да кәсіптерді игера бастады.

Дәл осы кезеңде Ақтөбе қаласы халқының көпұлтты сипатта екенін, аймақта көпұлтты

халықтар шоғырланып, қалыптасу үрдісі қарқынды жүріп жатқанын айқын көрсетеді (Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 года (1903-1905):89).

### 4-кесте – Ақтөбе қала халқының ұлттық құрамы

| Ақтөбе |          |                      |       |         |       |
|--------|----------|----------------------|-------|---------|-------|
| Орыс   | Малорус. | Мордва және черемис. | Татар | Башқұрт | Қазақ |
| 1728   | 550      | 126                  | 276   | 10      | 96    |

Аймақтың қала халқындағы негізгі ұлт жалпы қала халқының жарты бөлігін құраған орыс ұлты болып отыр. Қазақтардың саны біркелкі болды.

Алғашқы санақ мерзімінен кейін қаладағы халық санын өсу динамикасы бойынша аңғаруға

болады. Қалалардағы халық санының өсуіне тек ғана қоныстандыру қозғалысы емес, сондай ақ, табиғи өсім, қалалардағы орын алып отырған әлеуметтік және экономикалық өзгерістер де ықпал етті (Сдыков 1996:85).

**5-кесте** – Ақтөбе қала халқы санының өсуі (1897-1917 жж.).

| Облыстардағы қалалар | Халық саны |         |         |         |         |         |
|----------------------|------------|---------|---------|---------|---------|---------|
|                      | 1897 ж.    | 1902 ж. | 1905 ж. | 1909 ж. | 1914 ж. | 1917 ж. |
| Ақтөбе               | 2817       | 6491    | 5888    | 10716   | 15259   | 17737   |

Аймақтағы қалалардың әкімшілік, сауда өнеркәсіптік орталық ретінде дамуы, жергілікті халықтың өмір сүру салтының өзгеріп, қалаларға қоныс аудара бастауы қала халқының ұлттық құрамына өзгерістер әкелді. Бұл кезеңдегі қалалардың ұлттық құрамы, ондағы қазақтардың үлесі жөніндегі мәліметтерді бізге жанама түрде

қала халқының діни сенімі бойынша бөлінісі де береді (Сдыков 1995:56).

Орыстардың көп бөлігі Ақтөбеде шоғырланған, санының көптігі жағынан екінші ұлтты татарлар құрайды. Бұл көрсеткішті халық санының өсу динамикасынан және XX ғасырдың басында жүргізілген қала халқының ұлттық құрамынан айқындауға болады.

**6-кесте** – 1916 ж. басындағы Ақтөбе қала халқының ұлттық құрамы.

| Ұлттардың атауы              | Ақтөбе         |
|------------------------------|----------------|
| Орыстар                      | 12870          |
| Поляктар                     | 247            |
| Басқа славян халықтары       | 114            |
| Немістер                     | 568            |
| Қазақтар                     | 390            |
| Тағарлар                     | 956            |
| Башқұрттар                   | 66             |
| Бұхарлықтар, т.б. азиялықтар | 143            |
| Еврейлер                     | 33             |
| Армяндар, т.б. кавказдықтар  | 104            |
| Басқа халықтар               | 349            |
| <b>Барлығы</b>               | 15840          |
|                              | <b>Ерлер</b>   |
|                              | 7691           |
|                              | <b>Әйелдер</b> |
|                              | 8149           |

Қалалардағы қазақтар санының қысқаруын немесе баяу дамуын олардың қалаларда күн көріс көзін тауып, орныға алмауымен және де бірінші дүниежүзілік соғыс пен 1916 жылғы көтеріліске байланысты орын алған ахуалмен түсіндіруге болады.

Сонымен, XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың басында орын алған статистикалық мәліметтер бойынша қала халқының динамикалық көрсеткіштері әртүрлі деңгеймен сараланды. Қала

халқының ең бір өсіміне тигізген құбылыстары сауданың қалада дамуы, өнеркәсіп орындарының пайда болуы еді. Ақтөбе қала халқының саны негізінен механикалық өсім есебінен ұлғайды, себебі қала халқының негізгі құрамын келімсек ұлт өкілдері құрады. Патша үкіметі қазақтарды қалаларға қоныстануын тежеп отыруы да, қалаларда жергілікті ұлт өкілдерінің аз болуына әкелді.

Бұл зерттеу мақаласы Ақтөбе қала халқының әлеуметтік экономикалық және этномә-

дени өзгерістерін, қала халқының дамуы мен қалыптасуын зерттеу, аталмыш үрдістердің ерекшеліктерін, заңдылықтарын көрсету басты мәселелер болып табылады. Сонау қоныстанған қоныстанушылар кезеңінен бастап, Ақтөбе қаласының халқы да біркелкі болмай, өзге ұлттармен толықтырылып, тарихы мен тағдырлары бір арнаға орнықты. Сөйтіп, қаланың халқының құрамы полиэтникалық сипатқа бет бұра бастады.

### Қорытынды

Сонымен, XX ғасыр Ақтөбе қаласының халқы үшін ірі демографиялық өзгерістер үрдісімен бастау алды. Қала халқының санында үлкен ауытқушылықтар орын алды. Жоғарыда айтып өткендей, жергілікті қала тұрғындары мен қазақтар санының едәуір қысқарған кезеңіне Патша үкіметінің тарапынан жүргізілген реформаларының әсері еді. Статистикалық мәліметтерге сай орыс ұлтының қала халқының негізгі

құрамын құрап отырғанын аңғаруға болады. Әр түрлі ұлт өкілдерінің қоныстануымен Ақтөбе қала халқының құрамы көп ұлтты аймаққа айнала бастады.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден қала халқы табиғи өсімге қарағанда негізінен механикалық өсім есебінен үнемі өсіп отырғанын байқадық. Қала халқына механикалық өсімнің өсуіне Патша үкіметінен жеделдетілген қазақ жеріне өзге ұлттарды қоныстандыру саясаты ықпал етті. Саяси шаралар жан жақты жүзеге асырылып, елімізге әртүрлі категория бойынша қоныс аударушылар әкелінді. Соның бірі, Ақтөбе қаласының әлеуметтік және экономикалық, сауда байланыстары жағын қарастыру арқылы өндіріс орындарына кәсіби мамандар мен жұмысшылар жетіспейтінін білді. Бұл мәселені шешу үшін кадрлар құрамын көшіріп әкелуді жөн көрген. Осы саясаттың нәтижесінде Ақтөбе қаласына отбасы құрамдарымен бірге онмындаған кәсіби жұмысшылар келіп, олар Ақтөбе қаласының полиэтникалық сипатта қалыптасуына, одан әрі өзгерісіне ықпал етті.

### Әдебиеттер

- Актобе (2004). Актобе // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 158 с
- Актобе облысының демографиялық жылнамалығы (2010). Статистикалық жинақ. Ақтөбе, 2010 – 117 б.
- Актобе облысының демографиялық жылнамалығы (2012). Статистикалық жинақ. Ақтөбе, 2012 – 181 б.
- Актобе облыстық мемлекеттік мұрағаты (АОММ), 30-қ, 1 т, 873 іс, 49 п.
- Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. (1991). Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. 252 с.
- Бекмаханов Е.Б. (1957). Присоединение Казахстана к России. А., 1957. 190 с.
- Бекмаханова Н.Е. (1986). Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в.-1917 г.). М., 1986. 244 с.
- Ерофеева И.В. (2001). Миграционные процессы на территории Казахстана в дореволюционный период\История Казахстана: народы и культуры. А., 2001. 196 с.
- Мендикулова Г.М. (1997). Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы, 1997.
- Мустафаев Н. Казахи зарубежья №17 (279) от 17.04.2006.
- Обзор Тургайской области за 1905 г. (1906). Оренбург, 1906.
- Обзор Тургайской области за 1915 г. (1916). Оренбург, 1916.
- Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 года (1903-1905). (Оренбургская губерния). Т.28. СПб.: 1904. 5-12 с.
- Сдыков М.Н. (2004). История населения Западного Казахстана. А., 2004. 408 с.
- Сдыков М.Н. (1996). Формирование населения Западного Казахстана в XVIII-XIX вв. А., 1996. 85 с.
- Сдыков М.Н., Аман Ә.Б., Мәден А.Т., Шерғалиев М.Т. (2008). Батыс Қазақстан территориясындағы және жақын шетелдергі этнодемографиялық процестер. Орал, 2008. 328 б.
- Султанғалиева Г.С., Ерофеева И.В., Бисембаев А.А., Медеубаев Е.И., Кобенова Г.И. (2006). История Актюбинской области /Актобе, 698 с.
- Султанғалиева Г.С. (2005). История Актюбинского уезда (1869-1917) /учебное пособие/ Актобе., 264 с.
- Тарасенко Ф.Н. (2006). Город.Годы.Люди.Жизнь. Актобе., 248 с.
- Тәжібаев М.Қ. (1999). Ақтөбе облысының тарихы (1864-1991). Актобе., 80 б.
- Тәтімов М.Б. (2002) Демографиялық болжам – келешекке көзқарас/ М.Б.Тәтімов//Қазақстан-Заман. 2002. 19-сәуір. 12-13 б.
- Тәтімов М.Б. (1995) Влияние демографических и миграционных процессов на внутреннюю стабильность РК / М.Б.Тәтімов // Саясат, 1995. – №5. 18-23 с.
- Урдабаева Л.Е. (2001). Основание и развитие г. Актюбинска (1869-1917 гг.)\Тарих ғылымы XXI ғасырда: Халықаралық Бекмаханов оқуларының материалдары. I бөлім. А., 2001. 104 б.



### References

- Aqtobe (2004). Aqtobe [Aktobe // Kazakhstan. National encyclopedia]. – Almaty: “Kazakh encyclopedia”. 158 s.
- Aqtobe oblysynyn demografialyq jylnamalygy (2010). Statistikalıq jınaq. Aqtobe, 2010 – 117 b.
- Aqtobe oblysynyn demografialyq jylnamalygy (2012). Statistikalıq jınaq. Aqtobe, 2010 – 181 b.
- Aqtobe oblystyq memlekettik muragaty (AOMM)., 30-q, 1 t, 873 is, 49 p.
- Asylbekov M.Kh., Galiev A.B. (1991). Sotsialno-demograficheskie protsessy v Kazakhstane (1917-1980 gg.). – Alma-Ata: Gylım, 1991. 252 s.
- Bekmakhanov E.B. (1957). Prisoedinenie Kazakhstana k Rosii. A., 1957. 190 s.
- Bekmakhanova N.E. (1986). Mnogonatsionalnoe naselenie Kazakhstana i Kirgizii v epokhu kapitalizma (60-e gody XIX v.- 1917 g.). M., 1986. 244 s.
- Erofeeva I.V. (2001). Migratsionnye protsessy na territorii Kazakhstana v dorevoliutsionnyi period\Istoriia Kazakhstana: narody i kultury. A., 2001. 196 s.
- Mendikulova G.M. (1997). Istoricheskie sudby kazakhskoi diasporı. Proiskhozhdenie i razvitie. Almaty, 1997.
- Mustafaev N. Kazahı zarubejia №17 (279) ot 17.04.2006.
- Obzor Turgaiskoi oblasti za 1905 g. (1906) Orenburg, 1906.
- Obzor Turgaiskoi oblasti za 1915 g. (1916) Orenburg, 1916.
- Pervaiia Vseobshchaia perepis naseleniia Rossiiskoi imperii 1897 goda (1903-1905). (Orenburgskaia gubernia) T. 28. SPb.: 1904. 5-12 s.
- Sdykov M.N. (2004). Istoriia naseleniia Zapadnogo Kazakhstana. A., 2004. 408 s.
- Sdykov M.N. (1996). Formirovanie naseleniia Zapadnogo Kazakhstana v XVIII-XIX vv. A., 1996. 85 s.
- Sdykov M.N., Aman Ə.B., Mäden A.T., Shergaliev M.T. (2008). Batys Kazakstan territoriasyndagy zhane zhakyn sheteldergi etnodemografiialyk protsester. Oral, 2008. 328 b.
- Sultangalieva G.S., Erofeeva İ.V., Bisembaev A.A., Medeubaev E.İ., Kobenova G.İ. (2006). Istoriia Aktubinskoi oblasti / Aqtobe, 698 s.
- Sultangalieva G.S. (2005). Istoriia Aktubinskogo uезда /uchebnoe posobie/ [History of Aktobe district (1869-1917)]. Aqtobe., 264 s.
- Tarasenko F.N. (2006). Gorod.Gody.Ldi.Jizn [City.Years.People.Life.] Aqtobe., 248 s.
- Tajibaev M.K. (1999). Aqtobe oblysynyn tarihy [History of Aktobe region (1864-1991)]. Aqtobe., 80 s.
- Tatimov M.B. (2002) Demografiialyk bolzham – keleshekke kozkaras/ M.B.Tatimov//Kazakhstan-Zaman. 2002. 19-sauir. 12-13 b.
- Tatimov M.B. (1995) Vliianie demograficheskikh i migratsionnykh protsessov na vnutreniuiu stabilnost RK / M.B.Tatimov // Saiasat, 1995. – №5. 18-23 s.
- Urdabaeva L.E. (2001). Osnovanie i razvitie g. Aktubinska (1869-1917 gg.)\Tarikh gylımy XXI gasyrda: Khalykaralyk Bekmakhanov okularynyn materialdary. I bolim. A., 2001. 104 b.